



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

08.06.2023 № 2-011513-23-46241

10.05.2023ж. ДС-148

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**
(«АМАНАТ», «Қазақстан Халық
партиясы», «Respublica»
партияларынан және тізім бойынша
бір мандатты депутат)

Интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура Сіздің электрондық үкімет базасы арқылы онлайн-микрокредиттерді ресімдеуге тыйым салуды енгізу, қаржы пирамидалары мен заңсыз лотереяларға қарсы іс-қимылды күшейту, әлеуметтік желілерге кешенді мониторинг жүргізу және алаяқтық кезінде пайдаланылатын интернет-ресурстарды бұғаттау туралы сұрау салуыңызды қарады.

Соңғы 5 жылда елімізде жасалған интернет-алаяқтықтардың саны 2018 жылғы **517-ден** 2022 жылы **21 405-ке** дейін өсті (2019ж. - 7 769; 2020 - 14 220; 2021 - 23 351).

Алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мақсатында Бас прокуратура мемлекеттік органдармен бірлесіп бірқатар ұйымдастырушылық-практикалық шараларды іске асырды.

Ведомствоаралық жұмыс топтары құрылып, олар іс-шаралар мен өзара іс-қимыл жоспарлары, ынтымақтастық туралы меморандум, алаяқтықтарды ашу және тергеу бойынша әдістемелік құралдар, интернет-алаяқтықтар мен қаржы пирамидаларын анықтау бойынша типология әзірледі, халықтың қаржылық және құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша кең ауқымды ақпараттық-үгіт жұмыстары жүргізілді және т. б.

2022 жылы Бас прокуратура және мүдделі мемлекеттік органдар алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл жөніндегі жол картасын әзірлеп, бекітті.

Мысалы, байланыс операторларының нөмірлерді ауыстыру белгісіне халықаралық трафикті өзара тексеру үшін интеграциялық орта енгізілді. Нәтижесінде, ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығында **7 миллионнан** астам алаяқтық қоңыраулар бұғатталды.

Қылмыстық істерді сапалы тергеу үшін Астана қаласының полиция департаментінде «Киберпол» пилоттық жобасы іске қосылды, оған тек интернет-алаяқтықтарды ашумен және тергеумен айналысатын тергеушілер мен жедел уәкілдер кірді.

Анықтама үшін: ағымдағы жылдың 5 айында «Киберпол» жобасының тергеушілер пулының іс жүргізуінде 905 қылмыс болды, оның 166-сы іс жүргізумен аяқталды. Жәбірленушілерге 35 млн теңгеден астам қаражат өтелді.

Сонымен қатар Бас прокуратура алаяқтық туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің тиімділігі мен сапасын, сондай-ақ қылмыстың осы санатының алдын алуды тексерді.

Ішкі істер министрінің атына заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс енгізілді, оны қарау нәтижелері бойынша 24 лауазымды адам (оның 13-і басшылар) тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

Облыстардың прокурорлары осы санаттағы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің сапасын тиісті қадағалауды қамтамасыз етуге бағдарланған.

Жалпы, қабылданған шаралар алаяқтық пен қаржы пирамидаларының уақтылы алдын алуды, анықтауды және ашуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ кейбір оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Мәселен, 2022 жылы тіркелген интернет-алаяқтық фактілері санының **3,9%**-ға және қаржы пирамидаларының **26,9%**-ға төмендеуі белгіленді.

Ағымдағы жылы азаматтарды интернет-алаяқтықтан қорғаудың қосымша тетіктерін енгізу жөніндегі жұмысты жандандыру шеңберінде кредиттік және банктік онлайн қызметтер нарығында алаяқтыққа алдын ала қарсы іс-қимыл жасау үшін құқықтық жағдайлар жасауға, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, қолданыстағы нормативтік құжаттарды жетілдіруге бағытталған іс-шаралар іске асырылуда (алаяқтық әрекеттер тәуекелдерін азайту мақсатында ұялы байланыс операторларының қызметін реттеуді қатаңдату, мемлекеттік органдардың байланыс операторларымен және қаржы ұйымдарымен ақпарат алмасу, жедел-тергеу қызметкерлері үшін бейіндік оқыту жүргізу, IT бағдарламалар мен қосымшаларды әзірлеу және енгізу, байланыс операторлары мен банктердің жауапкершілігін күшейту және т.б.).

Ағымдағы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша іске асырылған шаралардың нәтижесінде алаяқтық саны **5,8%**-ға, интернет-алаяқтық **4,3%**-ға және қаржы пирамидалары **23,1%**-ға төмендегенін атап өту қажет.

Сонымен қатар киберқылмыскерлер өздерінің алаяқтық схемаларын әр уақытта жетілдіріп отырады. Халықтан алдап ақша алу үшін олар күш құрылымдарының қызметкерлері болып танысады, жетекші компаниялардың логотиптерін, танымал медиа тұлғалардың бейнелеін және т. б. пайдаланады.

Осыған байланысты, ағымдағы жылдың 30 мамырында Бас прокуратура Үйлестіру кеңесінің отырысын өткізді, онда мемлекеттік органдарға қылмыстың осы түрлерінің алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл жөнінде нақты ұсыныстар берілді.

Атап айтқанда, мемлекеттік органдарға қаржы секторында интернет-алаяқтықпен күресу үшін Антифрод-орталық құру мәселесін пысықтау ұсынылды.

«Egov» порталы арқылы онлайн-микрокредиттерді ресімдеуге тыйым салуды енгізуге қатысты.

Электрондық үкімет порталы арқылы азаматтарға өз атына онлайн-микрокредиттерді ресімдеуге тыйым салу тетігін енгізу мақсатында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі заңнамалық актілерге келесі шарттарды көздейтін түзетулер әзірледі:

- жеке тұлғаның банктік қарыздар мен микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеу құқығын бекіту. Бұл сервис «электрондық үкімет» веб-порталында және «eGov Mobile» мобильді қосымшасында іске асырылатын болады;

- қарыз алушының кредиттік тарихында кредит алудан ерікті түрде бас тарту туралы ақпарат болған кезде банктер мен микроқаржы ұйымдары үшін жеке тұлғаға кредит беруге тыйым салуды енгізу;

- жеке тұлғаны кредитті ресімдеуге тиісті тыйым салынған жағдайда берілген кредит бойынша міндеттемелерді орындаудан босату.

Заңнамалық түзетулер блогы қаржы нарығына қатысушылармен келісілген және қазіргі уақытта мүдделі мемлекеттік органдармен келісу рәсімінен өтуде.

Қаржы пирамидаларына, заңсыз лотерея қызметіне және басқа да қаржылық операцияларға қарсы күресті күшейтуге қатысты.

Азаматтарды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауды арттыру мақсатында Бас прокуратура 2023-2024 жылдарға арналған алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл жөніндегі бірлескен іс-шаралар кешенін әзірледі (мемлекеттік органдар басшыларының келісімінде).

Іс-шаралар кешенінде азаматтардың, БАҚ-тың және өзге де көздердің, сондай-ақ қаржы пирамидалары мен интернет-алаяқтық белгілері бар қаржы нарығының реттелетін субъектілерінің өтініштері бойынша ақпараттарға тұрақты мониторинг және талдау жүргізу, шаралар қабылдау үшін (сайтты бұғаттау, қызметті тоқтата тұру, тіркеуді жою және т.б.) анықталған алаяқтықтар мен қаржы пирамидалары туралы уәкілетті органдарды уақтылы хабардар ету көзделген.

Қаржылық мониторинг агенттігі (бұдан әрі - ҚМА) жұмыс істеудің ерте сатысында «жалған қаржы» компанияларын анықтау жөніндегі арнайы жобаны іске асыруда.

Мәселен, IT-құралдарды пайдалана отырып, интернет-кеңістікте (жаңалықтар порталдары, блогтар, сайттар және әлеуметтік желілердің аккаунттары) құқыққа қайшы мазмұнды іздеу жүзеге асырылады.

Қаржы пирамидаларының белгілері бар материалдар бұғаттау үшін Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне (бұдан әрі - АҚДМ) жіберіледі. 2022 жылы қаржы пирамидаларының белгілері бар 6,5 мың сайт пен аккаунт, биыл 4 мың сілтеме (2021 жылы – 600) бұғатталды.

2022 жылдан осы уақытқа дейінгі кезеңде «Лотерея қызметі туралы» Заңның 12 бұзушылығы анықталды, олар бойынша 4 нұсқама жіберілді.

«Тараз Хит» заңсыз лотереясы туралы сұрау салуда көрсетілген ақпаратты тексеру мақсатында Тараз қаласының Полиция басқармасы ағымдағы жылдың 31 мамырында Қылмыстық кодекстің 190-бабы 4-бөлігінің 2-тармағы бойынша аса ірі мөлшердегі алаяқтық фактісі бойынша қылмыстық істі тіркеді.

Қазіргі уақытта сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде, нәтижелері бойынша түпкілікті процестік шешім қабылданатын болады.

Әлеуметтік желілерге кешенді мониторинг жүргізуге және онлайн-жарнаманы алаяқтық мақсатта пайдаланатын топтарды бұғаттауға қатысты.

Құқық қорғау органдары әлеуметтік желілердің мониторингін және онлайн ресурстарды бұғаттауды «Кибернадзор» кешені арқылы жүзеге асырады.

ҚМА қаржы пирамидаларының белгілері бар аккаунттарға жазылушыларды анықтауға мүмкіндік беретін аналитикалық жүйе енгізді, ол нысаналы аудиториямен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын мақсатты түрде жүргізуге мүмкіндік береді.

Нәтижесінде, 2023 жылдың 1 тоқсанында **23 мың** азаматқа ескерту хабарламалары жіберілді, оның **90%-ы (21 мың)** күдікті аккаунттардан бас тартты.

Бұдан басқа, қаржы мониторингі субъектілері үшін қаржы пирамидаларының қызмет схемалары мен күдік критерийлері әзірленді.

Мысалы, әзірленген типологияларды ескере отырып, «Каспий» және «Форте» банктері бұрын алаяқтық жасағаны үшін сотталған Қизбаевтың күдікті операциялары туралы қаржы барлау қызметін хабардар етті.

Өзара іс-қимыл нәтижелері бойынша «Елімай-2019» қаржы пирамидасы таратылды. Оның қызметіне еліміздің 8 өңірінде жалпы сомасы 1,5 млрд теңгеге 3 мыңнан астам адам тартылған.

Тергеп-тексеру барысында қылмыстық кірістерді заңдастыру анықталды, күдіктілердің жылжымалы және жылжымайтын мүлкіне (жер учаскелері, үйлер, пәтерлер, банктердегі ақша) 1,1 млрд теңгеге тыйым салынды.

Қылмыстық іс сотқа жіберілді.

АҚДМ «Талдау және ақпарат орталығы» РМҚ ведомстволық бағынысты кәсіпорнының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

Мониторинг нәтижелері бойынша 2022 жылы көрінеу жалған ақпарат таратудың 5 267 фактісі (алаяқтық белгілері бар фишинг) анықталды, олар бойынша 355 ден қою құжаты (нұсқамалар – 330, хабарлама хаттар – 25) жіберілді. 2023 жылдың басынан бастап 1 888 бұзушылық анықталды, олар бойынша 111 ден қою құжаты жіберілді (нұсқамалар – 101, хабарлама хаттар – 10).

Осы бағыттағы жұмыс мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылда жалғасуда.

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры**

Б. Асыллов



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

08.06.2023 № 2-011513-23-46241

ДС-148 от 10.05.2023г.

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(от партий «АМАНАТ»,
«Народная партия Казахстана»,
«Respublica» и одномандатный
депутат по списку)

По противодействию интернет-мошенничествам

Уважаемые депутаты!

Генеральной прокуратурой рассмотрен ваш запрос о внедрении запрета на оформление онлайн-микрокредитов посредством базы электронного правительства, усилении противодействия финансовым пирамидам и незаконным лотереям, проведении комплексного мониторинга социальных сетей и блокировки интернет-ресурсов, используемых при мошенничествах.

За последние 5 лет количество совершенных интернет-мошенничеств в стране увеличилось с **517** в 2018 году до **21 405** в 2022 году (2019г. – 7 769; 2020 – 14 220; 2021 – 23 351).

В целях противодействия мошенничествам Генеральной прокуратурой совместно с государственными органами реализован ряд организационно-практических мер.

Созданы межведомственные рабочие группы, которыми разработаны Планы мероприятий и взаимодействия, меморандум о сотрудничестве, методические пособия по раскрытию и расследованию мошенничеств, типология по выявлению интернет-мошенничеств и финансовых пирамид, проведена широкомасштабная информационно-агитационная работа по повышению финансовой и правовой грамотности населения и др.

В 2022 году Генеральной прокуратурой и заинтересованными государственными органами разработана и утверждена Дорожная карта по противодействию мошенничествам и финансовым пирамидам.

К примеру, внедрена интеграционная среда для взаимной проверки операторами связи международного трафика на предмет подмены номеров. В результате, в период с января по апрель т.г. заблокировано более **7 млн** мошеннических звонков.

Для качественного расследования уголовных дел в Департаменте полиции города Астаны запущен пилотный проект «Киберпол», куда включены следователи и оперативники, которые будут заниматься исключительно раскрытием и расследованием интернет-мошенничеств.

Справочно: за 5 месяцев т.г. в производстве пула следователей проекта «Киберпол» находилось 905 преступлений, из которых окончено производством 166. Возмещено потерпевшим более 35 млн тенге.

Наряду с этим, Генеральной прокуратурой проведена проверка эффективности и качества досудебного расследования по делам о мошенничествах, а также профилактики данной категории преступлений.

В адрес Министра внутренних дел внесено представление об устранении нарушений законности, по результатам его рассмотрения к дисциплинарной ответственности привлечено 24 должностных лица (13 из них руководители).

Прокуроры областей ориентированы на обеспечение надлежащего надзора за качеством досудебного расследования по делам данной категории.

В целом, принятые меры позволили обеспечить своевременное предупреждение, выявление и раскрытие мошенничеств и финансовых пирамид, а также достичь некоторых положительных результатов.

Так, за 2022 год зафиксировано снижение числа зарегистрированных фактов интернет-мошенничеств на **3,9 %** и финансовых пирамид на **26,9%**.

В текущем году в рамках активизации работы по внедрению дополнительных механизмов защиты граждан от интернет-мошенничеств реализуются мероприятия, направленные на создание правовых условий для превентивного противодействия мошенничеству на рынке кредитных и банковских онлайн услуг, повышение квалификации сотрудников, совершенствование действующих нормативных документов (ужесточение регулирования деятельности операторов сотовой связи с целью снижения рисков мошеннических действий, оперативный обмен информацией госорганов с операторами связи и финансовыми организациями, проведение профильных обучений для оперативно-следственных сотрудников, разработка и внедрение IT программ и приложений, усиление ответственности операторов связи и банков, и др.).

Необходимо отметить, что в результате реализованных мер по итогам 5 месяцев т.г. зафиксировано снижение количества мошенничеств на **5,8%**, интернет-мошенничеств на **4,3%** и финансовых пирамид на **23,1%**.

Между тем, кибер-преступники с каждым разом совершенствуют свои мошеннические схемы. Для выманивания обманом денег у населения, они представляются сотрудниками силовых структур, используют логотипы ведущих компаний, изображения популярных медийных персон и др.

В этой связи, 30 мая т.г. Генеральной прокуратурой проведено заседание Координационного Совета, где государственным органам даны конкретные рекомендации по профилактике и противодействию данным видам преступлений.

В частности, государственным органам рекомендовано проработать вопрос создания Антифрод-центра для борьбы с интернет-мошенничеством в финансовом секторе.

Касательно внедрения через портал «Egov» запрета на оформление онлайн-микрокредитов.

В целях внедрения механизма запрета гражданам оформления на свое имя онлайн-микрокредитов через портал электронного правительства, Агентством по регулированию и развитию финансового рынка разработаны поправки в законодательные акты, предусматривающие:

- закрепление права физического лица на установление добровольного отказа от получения банковских займов и микрокредитов. Данный сервис будет реализован на веб-портале «электронного правительства» и в мобильном приложении «eGov Mobile»;

- введение запрета для банков и микрофинансовых организаций на предоставление кредита физическому лицу при наличии в кредитной истории заемщика информации о добровольном отказе от получения кредита;

- освобождение физического лица от исполнения обязательств по кредиту, выданного при наличии соответствующего запрета на оформление кредита.

Блок законодательных поправок согласован с участниками финансового рынка и в настоящее время проходит процедуру согласования с заинтересованными государственными органами.

Касательно усиления борьбы с финансовыми пирамидами, незаконной лотерейной деятельностью и другими финансовыми операциями.

В целях повышения защиты граждан от преступного посягательства Генеральной прокуратурой разработан Комплекс совместных мероприятий по противодействию мошенничествам и финансовым пирамидам на 2023-24 годы (находится на согласовании у руководителей государственных органов).

Комплексом мероприятий предусмотрено проведение постоянного мониторинга и анализа информации по обращениям граждан, СМИ и иным источникам, а также регулируемым субъектам финансового рынка, имеющим признаки финансовых пирамид и интернет-мошенничеств, своевременное информирование уполномоченных органов о выявленных мошенничествах и финансовых пирамидах для принятия мер (блокировка сайта, приостановление деятельности, отмена регистрации и т.д.).

Агентством по финансовому мониторингу (далее - АФМ) реализуется специальный проект по выявлению «лжефинансовых» компаний на ранней стадии функционирования.

Так, с использованием IT-инструментов осуществляется поиск противоправного контента в интернет-пространстве (новостные порталы, блоги, сайты и аккаунты соцсетей).

Материалы с признаками финансовых пирамид направляются в Министерство информации и общественного развития (далее-МИОР) для блокирования. В 2022 году заблокировано 6,5 тыс. сайтов и аккаунтов с признаками финпирамид, в этом году уже 4 тыс. ссылок (за 2021 год – 600).

В период 2022 года по настоящее время выявлено 12 нарушений Закона «О лотерейной деятельности», по которым направлено 4 предписания.

В целях проверки указанной в запросе информации о незаконной лотерее «Тараз Хит», Управлением полиции города Тараз 31 мая т.г. зарегистрировано уголовное дело по факту мошенничества в особо крупном размере по пункту 2 части 4 статьи 190 Уголовного кодекса.

В настоящее время проводится досудебное расследование, по результатам будет принято окончательное процессуальное решение.

Касательно проведения комплексного мониторинга социальных сетей и блокировки групп, использующих онлайн-рекламу в мошеннических целях.

Мониторинг социальных сетей и блокировка онлайн ресурсов осуществляется правоохранительными органами посредством комплекса «Кибернадзор».

АФМ внедрена аналитическая система, позволяющая установить подписчиков аккаунтов с признаками финпирамид, которая дает возможность целенаправленно проводить информационно-разъяснительную работу с целевой аудиторией.

В результате, за 1 квартал 2023 года направлены предупреждающие оповещения **23 тысячам** граждан, из которых **90% (21 тысяча)** отписались от подозрительных аккаунтов.

Кроме этого, для субъектов финмониторинга разработаны схемы деятельности и критерии подозрительности финпирамид.

Например, с учетом разработанных типологий, банки «Каспий» и «Форте» проинформировали финразведку о подозрительных операциях Кизбаева, ранее судимого за мошенничество.

По результатам взаимодействия ликвидирована финансовая пирамида «Елімай-2019». В 8 регионах страны в её деятельность было вовлечено более 3 тыс. человек с общей суммой вкладов на 1,5 млрд тенге.

В ходе расследования выявлена легализация преступных доходов, наложены аресты на движимое и недвижимое имущество (земельные участки, дома, квартиры машины, деньги в банках) подозреваемых на 1,1 млрд тенге.

Уголовное дело направлено в суд.

МИОР на постоянной основе ведется мониторинг с использованием возможностей подведомственного предприятия - РГП «Центр анализа и информации».

По результатам мониторинга в 2022 году выявлено 5 267 фактов распространения заведомо ложной информации (фишинг с признаками мошенничества), по которым направлено 355 реагирующих документов (предписания – 330, уведомительные письма – 25). С начала 2023 года выявлено 1 888 нарушений, по которым направлено 111 реагирующих документов (предписания – 101, уведомительные письма – 10).

Работа в данном направлении во взаимодействии с заинтересованными государственными органами продолжается.

**Генеральный Прокурор
Республики Казахстан**

Б. Асыллов